

«Бекітемін» *Сам*
Мектеп директоры:
К.А.Сатығалиев
«05» 09 2023ж

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
2 сыныпқа арналған ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ**

Сынып жетекшісі: Сабырова Гүлнұр Орынғалиқызы

«Келісемін» *М*
Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
Ж.М.Шаутонов
«05» 09 2023ж

2023-2024 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Өскеген жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуга болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пен мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шанырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - айтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже: 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаныырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орында және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы: - Қазақстан мемлекеттілігінің ықпалына атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі: - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадрлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы: - Академиялық адалдыққа икемді болу; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі: - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы: - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жананы тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі: - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой аланы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай-9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспары

№	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
ҚЫРКҮЙЕК-БІЛІМ АЙЫ				
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Іқыркүйек-Білім күні» «Менің мектептегі алғашқы бір күнім!»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	1.09.2023ж
2	«Бағдаршам –біздің досымыз»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	4.09.2023ж
3	«Мен және менің отбасым»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	11.09.2023ж
4	«Жеке бас гигиенасы – мықты денсаулық негізі»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	18.09.2023ж
5	«Астана менің мақтанышым»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	25.09.2023ж
ҚАЗАН-АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ КҮНІ				
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Ұстазым менің ұстазым»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	02.10.2023ж
2	«Қазақстанның көрнекті саяси және қоғам қайраткері Ә.Бөкейхановқа-155 жылы»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	09.10.2023ж
3	«Білгенге маржан»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	16.10.2023ж
4	Қазақтың ұлттық ою-өрнектері	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	23.10.2023ж

ҚАРАША-ПОЭЗИЯ КҮНІ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

1	«Мамандықтың бәрі жақсы»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	6.11.2023ж
2	«Тенге – ұлттық ақшамыз»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	13.11.2023ж
3	«Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдiлi, жырау, жырышы Ж.Жабаевтың туғанына-175 жыл»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	20.11.2023ж
4	Қауіпсіздік сабағы «Қауіпсіз ойын орны»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	27.11.2023ж

ЖЕЛТОҚСАН-«ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛ»
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

1	«Менің құқығым»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	4.12.2023ж
2	«Қазақ ақыны әрі жазушы, аудармашы М.Мақатаевқа-90 жыл»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	11.12.2023ж
3	«Қош келдің, Жаңа жыл»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	25.12.2023ж

ҚАҢТАР-«ҰЛТТЫҚ КОД» АЙЫ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

1	«Өтірік сөз өрге баспас»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	8.01.2024ж
2	«Жақсы мінез -жан азығы»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	15.01.2024ж
3	Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына – 180 жыл;	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	22.01.2024ж
4	«Ата-әулеттің тірегі, Әже – ұрпақтың жүрегі»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	29.01.2024ж

АҚПАН-ОҚУҒА КҮШТАРЛЫҚ АЙЫ

КҮНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

1	Семей ядролық полигонының жабылуына – 30 жыл	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	05.02.2024ж
2	«Әліппенің атасы» Қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл;	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	12.02.2024ж
3	«Сыр сандық» (жұмбақ, мақал-мәтел)	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	19.02.2024ж
4	«Саналы ұрпақ-жарқын болашық»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	26.02.2024ж

НАУРЫЗ-ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ

КҮНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

1	«Ризашылық пен алғыс» Алғыс айту күні	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	4.03.2024ж
2	«Пайдалы кеңестер және жағымсыз әдеттер»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	11.03.2024ж
3	«Нұр себеле, Ұлыстыңұлы күні!»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	18.03.2024ж

СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

КҮНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

1	«Тіршіліктің негізі – салауатты болашақ»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	1.04.2024ж
2	«Қазақ елі – ұлы достық мекені»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	8.04.2024ж
3	«Адал еңбек»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	15.04.2024ж
4	«Қазақтың әйгілі күйші композиторы,Қазақстанның халық әртісі Д.Нұрпейісованың туғанына-160жыл»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	22.04.2024ж
5	Этнограф, өнертанушы, әдебиетші, журналист, қоғам қайраткері Акселеу Сейдімбектің туғанына – 80 жыл.	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	29.04.2024ж

МАМЫР-БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ
КҮНДІЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

1	«Батыр ата Бауыржан» Б. Момышұлының 110 жылдығы	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	6.05.2024ж
2	«Менің сүйікті отбасым»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	13.05.2024ж
3	«Біздің сыныптың жетістіктері»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	20.05.2024ж